

	№ ____ дана	3-басылым
ПР-КК-01 Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру қағидалары	____.____.2018 ж. бастап қолданысқа енгізілді	19 беттің 1- беті

Бекітілді
«НОМАД LIFE» ӨСК» АҚ
Директорлар Кеңесінің шешімімен
2018 жылғы «14» маусымдағы
№14/06/18/1 хаттама

Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде
оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру
қағидалары
ПР-КК-01

Алматы қ. 2018

МАЗМҰНЫ

1-тарау. Жалпы ережелер.....	3
2-тарау. Осы қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар.....	3
3-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі және тоқтату жағдайлары	4
4-тарау. Сақтандыру шартының күші	5
5-тарау. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сомасының мөлшері, мерзімі және оны төлеу тәртібі	6
6-тарау. Түзету коэффициентті қолдану тәртібі	7
7-тарау. Шарттың қолданылу кезеңіндегі сақтандыру тәуекелі өсуінің салдары	8
8-тарау. Қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін анықтау үшін оны куәландыру тәртібі	9
9-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүргізу мөлшері, мерзімі және тәртібі	9
10-тарау. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шарттары	11
11-тарау. Аннуитет шартын жасасу.....	11
12-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүргізуден босатудың негіздемелері...	13
13-тарау. Сақтандыру шартының жарамсыздығы.....	13
14-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	13
15-тарау. Дауларды реттеудің ерекшеліктері.....	16
16-тарау. Қосымша талаптар.....	16

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды (бұдан әрі – қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру) жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын, және сақтандыру шарттарын жасасу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидалар мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оларды жазатайым оқиғалардан сақтандыруды реттемейді.

3. Осы Қағидаларға сәйкес «НОМАД LIFE» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Сақтандырушы) сақтанушылармен қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты/ Шарт) жасайды.

4. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың объектісі оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге не оның өліміне әкеп соғатын жазатайым оқиға нәтижесінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүддесі болып табылады.

5. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру субъектілері: сақтанушы, сақтандырушы және пайда алушы болып табылады.

6. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың мақсаты еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкерлердің мүліктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету болып табылады.

2-ТАРАУ. ОСЫ ҚАҒИДАЛАРДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

1. Осы Қағидаларда төмендегідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **аннуитеттік сақтандыру шарты (бұдан әрі - аннуитет шарты)** - сақтандырушыны шартта белгіленген мерзім ішінде сақтандыру төлемін пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде жүзеге асыруға міндетті ететін сақтандыру шарты;

2) **еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган)** - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

3) **кәсіптік еңбекке қабілеттілік** - қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты атқару қабілеті;

4) **кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесі** - қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару қабілетінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын төмендеу деңгейі;

5) **кәсіптік тәуекел сыныбы** - өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан деңгейі;

6) **қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру** - еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қарым-қатынас кешені;

7) **пайда алушы** - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

8) **сақтандыру жағдайы** – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабында көзделген мән-жайлар кезінде қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде ол (олар) ұшырайтын, соның салдарынан қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге, кәсіптік ауруға не өлімге әкеп соғатын өндірістік жаракаттану, денсаулығының күрт нашарлауы немесе улану болатын еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кездегі жазатайым оқиға (жазатайым оқиға);

9) **сақтандыру сомасы** - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

10) **сақтандыру сыйлықақысы** - сақтанушының сақтандырушыға, соңғысы пайда алушыға қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

11) **сақтандыру төлемі** - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;

12) **сақтандырушы** - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында «өмірді сақтандыру» саласында аннуитеттік сақтандыру сыныбы бойынша және міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған заңды тұлға;

13) **сақтанушы** - қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші;

14) **Заң** – Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы № 30-III «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңы;

15) **КЖ/ТҚҚ заңы** – Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

16) **сақтандыру омбудсманы** - төмендегідей келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға:

- сақтандыру ұйымдары арасында міндетті және ерікті сақтандыру мәселелері бойынша туындайтын;

- сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) және сақтандыру ұйымдары арасында сақтандыру шартынан туындайтын.

3-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

1. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру осы Қағидаларға, қолданыстағы заңнамаға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін қызметкердің пайдасына сақтанушы мен сақтандырушының арасында жазбаша нысанда жасалатын шарттың негізінде жүзеге асырылады. Сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына ұшыратады. Сақтандыру шартын жасау үшін негіздемесі болып кейіннен шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын сақтанушының өтініші табылады.

2. Сақтандыру шарты тараптармен электрондық нысанда, оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсында клиенттің жеке кабинеті арқылы жасалады.

3. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толықсыздығы үшін жауапкершілік Сақтандырушыға жүктеледі. Сақтандыру шартының кейбір талаптарының толықсыздығы салдарынан шарт бойынша дау туындаған жағдайда дау Сақтанушы пайдасына шешіледі.

4. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оған сақтандыру шартының телнұсқасын (көшірмесін) беріге міндетті. Сақтандыру шартының телнұсқасын ресімдеуге жұмсалған шығыстарды сақтанушы өтейді, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы өтініш берген күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

5. Егер қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын сақтанушының немесе пайда алушының жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасалса, онда сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы мен пайда алушының алдындағы міндеттемені осы Заңда белгіленген талаптар бойынша өз мойнына алады.

6. Сақтандыру шарты:

- 1) шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;
- 2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған;
- 3) сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшеріндегі сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе сақтандыру шартында қарастырылған өзге жағдайларда өз қолданылуын тоқтатады.

7. Сақтандыру шартының тоқтатылуы сақтандырушыны қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алған, кейіннен сақтандыру жағдайлары деп танылған жазатайым оқиғалар бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттерден босатпайды.

Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда, сақтандыру төлемін қолданылуы кезеңінде жазатайым оқиға орын алған қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушы жүзеге асырады.

Бұл ретте, мыналар:

- жұмыста мертігу салдарынан қызметкер қайтыс болған немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде - жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға күні;

- кәсіптік ауруының анықталуы салдарынан қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде - кәсіптік патология саласында мамандандырылған медициналық, сараптамалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының қорытынды берген күні жазатайым оқиға күні болып табылады.

4-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

1. Егер өзгесі сақтандыру шартында қарастырылмаған болса, сақтандыру шарты сақтанушымен сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен кейінгі күнінен, ал бөліп төлеу кезінде – алғашқы сақтандыру жарнасы төленген күннен кейінгі күнінен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына ақша түскен күні есептеледі.

Осы құжат электронды түрде қолданыла алады. Басып шығарғаннан кейін құжат есепке алынбайтын дана санатына өтеді

2. Сақтандыру шарты, осы тараудың 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, ол күшіне енгізілген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады. Сақтандыру шарты сақтандырудың бүкіл мерзімі ішінде қолданылады және алғашқы сақтандыру жағдайы басталғанда қолданылуын тоқтатпайды.

3. Жұмыс берушінің қызметі он екі айдан аз мерзімде жүзеге асырылған кезде шарт осы қызметті жүзеге асыру мерзіміне жасалады.

4. Сақтандыру аумағы қызметкермен өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаратын аумағы болып табылады.

5-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру сомасы жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартымен айқындалады, бірақ ол жұмыс берушінің міндетті сақтандыру шартын жасасқан кездегі барлық қызметкерлердің еңбекақысының жылдық қорынан кем болмауға тиіс.

2. Сақтандыру сомасы осы Қағидалардың 9-тарауына сәйкес көзделген сақтандыру төлемі (сақтандыру төлемдері) және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстар мөлшерінің сомасына азайтылады.

3. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы осы тараудың 6-тармағында белгіленген, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына көбейтілген сақтандыру тарифінің негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

4. Егер сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде еңбекке ақы төлеу қоры және (немесе) жұмыскерлердің штат саны өзгерсе, онда тараптардың келісімі бойынша негізгі шарттың қолданылу кезеңіне қосымша келісім жасасу жолымен сақтандыру шартына (сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшері бөлігінде) өзгерістер енгізіледі. Сақтандыру сыйлықақысы еңбекке ақы төлеу қорының өзгерген сомасы және негізгі шарт мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзім негізге алынып есептеледі. Сақтандыру тарифі сақтандыру шарты (негізгі шарт) жасалған тарифтен қалған сақтандыру кезеңіне пропорционалды есептеледі.

5. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін кәсіптік тәуекел сыныбына қарай экономикалық қызмет түрлері бойынша сараланған төмендегідей сақтандыру тарифтері пайдаланылады:

Кәсіптік тәуекел сыныбы	Сақтандыру тарифі
1	0,12%
2	0,29%
3	0,48%
4	0,49%
5	0,52%
6	0,53%
7	0,54%
8	0,65%
9	0,56%
10	0,88%
11	0,75%

12	0,76%
13	1,29%
14	1,55%
15	1,13
16	1,17
17	1,21
18	2,43
19	1,75
20	2,05
21	2,54
22	2,96

7. Егер осы Қағидалардың 4-6-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінен аз болған жағдайда, онда қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жалақының ең төмен мөлшерін құрайды. Бұл ретте, сақтандыру сомасы сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің ұлғаюына пропорционалды түрде ұлғайтылады.

8. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Сақтанушы экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол өзінің негізгі қызметі түріне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызылуға тиіс. Сақтанушы өндірістің жалпы көлемінде тең бөлінген экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол кәсіптік тәуекелдің неғұрлым жоғары сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

9. Сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиал (филиалдар) сақтанушыда болған жағдайда, ол өзінің кәсіптік тәуекел сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

Бұл ретте, филиалда (филиалдарда) өзі (өздері) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі туралы растауы болуға тиіс.

10. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімде біржолы немесе оның мерзімін ұзартып төлейді. Егер қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

11. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданысы ішінде қызметкердің кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген жағдайда, сақтандыру сыйлықақысы жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткенге дейін қалған мерзімге барабар қайта есептеледі.

6-ТАРАУ. ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

1. Егер сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) шарттың қолданылу кезеңінде сақтанушының кінәсінен болса, онда Қағидалардың 5-тарауының 4-6-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысы түзету коэффициентіне көбейтіледі.

2. Түзету коэффициенті қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан күннің алдындағы соңғы бес жылдың ішінде зардап шеккен

Осы құжат электронды түрде қолданыла алады. Басып шығарғаннан кейін құжат есепке алынбайтын дана санатына өтеді

қызметкерлердің орташа жылдық саны мен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан күні сақтанушы қызметкерлерінің тиісті жалпы саны негізінде айқындалады.

Түзету коэффициенттерінің мәндері мынадай мөлшерлерде қолданылады:

Зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық саны	Қызметкерлердің жалпы саны					
	100-ге дейін	101-ден 500-ге дейін	501-ден 1000-ға дейін	1001-ден 10000-ға дейін	10001-ден 20000-ға дейін	20000-нан астам
2 -ден 9-ға дейін	3	2	1,75	1	1	1
10-нан 19-ға дейін	3,4	3,2	3	2,5	1,25	1,1
20-дан 49-ға дейін	3,8	3,3	3,2	2,75	2,4	1,25
50-ден 99-ға дейін	4	3,5	3,3	3	3,1	1,5
100-ден 199-ға дейін		3,6	3,5	3,4	3	2
200-ден 299-ға дейін		4	3,75	3,5	3,2	3
300 және одан астам			4	3,8	3,6	3,5

Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу күнінің алдындағы соңғы бес жыл ішінде сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, сақтандырушы тәуекелдерді басқару және андеррайтинг бойынша сақтандырушының ішкі саясатына сәйкес түзету коэффициенттерін дербес айқындауға құқылы.

3. Егер сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиал (филиалдар) сақтанушыда болған жағдайда, онда түзету коэффициенті барлық зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық санын және жұмыс беруші мен оның филиалы (филиалдары) қызметкерлерінің жалпы санын ескере отырып есептелінеді.

4. Зардап шеккен қызметкерлер санын есептеу үшін қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 30-дан 100 пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге не оның қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиғалар саны есепке алынады.

5. Түзету коэффициентін қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

7-ТАРАУ. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ ҰЛҒАЮЫНЫҢ САЛДАРЫ

1. Сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру шартын жасасқан кезінде хабарлаған жағдайлардағы оған мәлім болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соқтыратын болса, сақтандырушыға дер кезінде хабарлауға міндетті.

2. Елеулі болып төмендегідей өзгерістер мен жағдайлар табылады:

Осы құжат электронды түрде қолданыла алады. Басып шығарғаннан кейін құжат есепке алынбайтын дана санатына өтеді

- 1) Шарттың қолданылу кезеңінде қызметкердің кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген жағдайда;
- 2) Сақтандыру шартын жасасқанда сақтанушының өтінішінде көрсетілген, сонымен қатар сақтандыру шартында қарастырылған талаптар мен жағдайлардың өзгертілуі.
3. Осындай өзгерістер орын алған жағдайда, өзгерістер орын алған сәттен бастап 10 (он) күн ішінде Сақтандырушыға жазбаша нысанда тиісті хабарламаны (өтінішті) жолдау қажет.
4. Сақтандыру тәуекелінің арттырылуына әкеп соқтыратын жағдайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы жылдық қордың көбеюі/азаюы, кәсіптік тәуекел сыныбының өзгеруі кезінде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қосымша төлеу/қайтару арқылы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап етуге құқылы.
5. Егер сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы болса, сақтандырушы сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұзуға құқылы.

8-ТАРАУ. ҚЫЗМЕТКЕРДІ ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕН АЙРЫЛУ ДӘРЕЖЕСІН АНЫҚТАУҒА КУӘЛАНДЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ

1. Қызметкердің (қызметкерлердің) еңбекке қабілеттілігінен бір күннен артық айрылуына әкеп соқтыратын әрбір жазатайым оқиға медициналық қорытындыға сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жазатайым оқиға туралы актімен ресімделеді.
2. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыруды уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі сақтанушының, сақтандырушының не қызметкердің өтініші бойынша немесе сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді. Денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы және жазатайым оқиға туралы акт куәландыру үшін негіз болып табылады.
3. Қызметкерді жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыру, сондай-ақ қосымша көмек пен күтім түрлеріне мұқтаждықты айқындау Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
4. Кәсіптік аурулар тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

9-ТАРАУ. ЗИЯНДЫ КЕЛТІРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

1. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян қызметкердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне байланысты зиянды қоспағанда, оның қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты зиянның материалдық көрінісін қамтиды. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тапсырылған құжаттардың негізінде айқындалады.
2. Қызметкердің қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты табысты (кірісті) жоғалтуға қатысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.

3. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бестен жиырма тоғыз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеуді сақтанушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін отыздан бір жүз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін сақтандырушы жүзеге асырады.

4. Өтеуге жататын жоғалтылған табысты (кірісті) есептеу үшін ескерілетін орташа айлық табыстың (кірістің) мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу күні тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының он еселенген мөлшерінен аспайды.

5. Сақтандыру төлемінің мөлшері еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлем шегеріліп жүзеге асырылады.

6. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жылдан аспайтын мерзімге белгілеуге байланысты сақтандыру шарты бойынша жазатайым оқиға басталған кезде қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін сақтандырушы ай сайын аннуитет шарты негізінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалатын мөлшерде жүзеге асырады, бұл ретте сақтандырушы бірінші сақтандыру төлемін осы Қағиданың 10-тарауында көзделген құжаттарды ұсынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

7. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жыл және одан да көп мерзімге белгілеуге байланысты сақтандыру шарты бойынша жазатайым оқиға басталған кезде қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі сақтанушымен жасалған аннуитет шартына сәйкес қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең, бірақ қызметкердің Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуі мерзімінен аспайтын мерзім бойы қызметкердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

8. Табысты (кірісті) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.

9. Жазатайым оқиға болған кезде қызметкердің қайтыс болуына байланысты, сондай-ақ орын алған жазатайым оқиғаның салдарынан оның денсаулығының нашарлау себебі бойынша зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтету құқығы бар тұлғалардың пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мерзім бойы жүзеге асырылады.

10. Заңда көзделген жағдайларда, пайда алушылар болып табылатын өзге де тұлғалардың сақтандыру төлемін алуға құқығы бар.

11. Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

12. Сақтандырушы қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда оның денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеуді осы шығыстарды шеккен қызметкер не тұлға ұсынған, осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес тегін медициналық

Осы құжат электронды түрде қолданыла алады. Басып шығарғаннан кейін құжат есепке алынбайтын дана санатына өтеді

көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін шығыстар сақтандырушының өтеуіне жатпайды.

13. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерінің жиынтық мөлшері мынадай мөлшерлерден (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштерде) аспауға тиіс:

1) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 30-дан 59 пайызды қоса алғанға дейін белгіленген кезде – 500;

2) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 60-дан 89 пайызды қоса алғанға дейін белгіленген кезде – 750;

3) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 90-нан 100 пайызды қоса алғанға дейін белгіленген кезде – 1000.

14. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерін сақтандырушы осы шығыстарды шеккен қызметкер не тұлға осы шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде, Қағидалардың осы тараумен белгіленген мөлшерлер шегінде жүзеге асырады.

15. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі жиынтық сақтандыру төлемдерін сақтандырушы Қағидалардың осы тарауында айқындалған мөлшерлер шегінде, кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың алғаш рет белгіленген тиісті дәрежесі бойынша жүзеге асырады.

16. Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған жағдайда, оны жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға сақтандырушы жерлеуге жұмсалған шығыстарды бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.

17. Егер осы бапта көзделген сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстардың мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып түскен жағдайда, айырма сақтандырушыға сақтанушының есебінен төленеді.

18. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

10-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажет болғанда), сақтандыру төлемін - қолма-қол ақшамен не банктік шотқа аударым жасау арқылы алу тәртібін көрсетіп, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша нысанда қояды.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда:

- сақтандыру шартының көшірмесі;

- жазатайым оқиға туралы акт;

- зардап шеккен қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылуды белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қосымша көмек пен күтім түрлеріне мұқтаждық туралы анықтамасының көшірмесі;

- емделуге кеткен нақты шығыстарды растайтын құжаттар (шот-фактура, кассалық чек және басқалар);

Осы құжат электронды түрде қолданыла алады. Басып шығарғаннан кейін құжат есепке алынбайтын дана санатына өтеді

- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына тағайындалған әлеуметтік төлем мөлшері не оны тағайындаудан бас тарту туралы анықтамасының көшірмесі;

- кәсіптік патология саласында мамандандырылған медициналық және сараптамалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы берген кәсіптік аурудың бар-жоғын растайтын құжаттың көшірмесі;

- жұмыс беруші куәландырған, зардап шеккен қызметкердің жұмыс істеген, бірақ он екі айдан аспайтын кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) қызметкер қайтыс болған жағдайда:

- сақтандыру шартының көшірмесі;

- жазатайым оқиға туралы акт;

- қызметкердің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;

- қызметкер қайтыс болған жағдайда, пайда алушының зиянды өтетуге құқығын растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

- пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- жұмыс беруші куәландырған, қайтыс болған қызметкердің жұмыс істеген, бірақ он екі айдан аспайтын кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде залалды болғызбау немесе азайту мақсатында сақтанушының шеккен шығыстарын, олар болған жағдайда, растайтын құжаттар;

3. Компания клиентпен іскери қарым-қатынасты орнатып, шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы төленгеннен (міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу кезінде) кейін клиент және оның бенефициарлық меншік иесі бойынша мәліметтердің шынайылығына тексеруді жүзеге асыру КЖ/ТҚҚ заңында қарастырылса, онда клиент (оның өкілі) оны сәйкестендіру және бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемін жүргізу/сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім клиент және оның бенефициарлық меншік иесі бойынша шынайылықты тексеріп, осы тараудың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін қабылданады.

Сақтандырушымен сақтанушыдан немесе пайда алушыдан басқа құжаттарды қосымша сұратуға жол берілмейді.

4. Құжаттарды қабылдап алған сақтандырушы өтініш берушімен ұсынылған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдаған күнін көрсете отырып, екі данада анықтаманы жасауға міндетті.

Анықтаманың бір данасын өтініш берушіге тапсырылады, екінші данасы өтініш берушінің қабылдап алғаны туралы белгісі қойылып, сақтандырушыда қалады. Сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға осы тараудың 2-тармағында қарастырылған барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сақтандырушы үш жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге міндетті.

5. Пайда алушы болып зардап шеккен қызметкер (ол қайтыс болған жағдайда – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлға), сонымен қатар сақтанушы немесе пайда алушыға сақтандыру шартымен белгіленген сақтандырушының жауапкершілігінің мөлшері шегінде келтірілген зиянды пайда алушыға өтеп берген және сақтандыру төлемге құқық алған өзге тұлға табылады.

6. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде сақтандырушының пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап ету құқығын шектейтін талаптарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.

11-ТАРАУ. АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ

1. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген не ұзартылған (қайта куәландырылған) не ол қайтыс болған жағдайда, жұмыс беруші осы тарауының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңының талаптарын ескере отырып, қызметкердің пайдасына не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құқығы бар адамның пайдасына аннуитет шартын жұмыс беруші таңдаған, аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасасуға міндетті

2. Аннуитет шарты осы Қағидалардың 10-тарауының 2-тармағында көзделген құжаттарды табыс еткен күннен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

3. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқық алған тұлғалардың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгілеген мөлшерде және мерзімдерде кіріс алуын қамтамасыз ететін шарттармен жасалады.

4. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы пайда алушыға төленуге жатпайды.

5. Аннуитет шартына қойылатын талаптар және сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

12-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

1. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 3-тармағында көзделген жағдайлар басталған кезде сақтандыру төлемдерінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

2. Сақтандыру төлемдерінен бас тарту туралы шешім сақтандырушымен қабылданады және сақтанушыға бас тартудың дәлелді негіздемесі көрсетілген жазбаша нысанда хабарланады.

3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда, сақтанушы (пайда алушы) сотқа шағым бере алады.

13-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ

Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың негіздері және салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

14-ТАРАУ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушының:

1) қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушыны таңдауға;

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерді куәландыруы кезінде қатысуға;

Осы құжат электронды түрде қолданыла алады. Басып шығарғаннан кейін құжат есепке алынбайтын дана санатына өтеді

3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға;

4) сақтандырушыдан сақтандыру шартының талаптарын, сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

5) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;

6) сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде дауларды реттеу мақсатында сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;

7) сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде дауларды реттеу мақсатында өтінішті және қажетті құжаттарды тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы жіберуге құқығы бар.

2. Сақтанушы:

1) заңды тұлғаны және жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасуға;

2) сақтандыру сыйлықақысын қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен мен мерзімде төлеуге және өзіндегі сақтандыру жөніндегі барлық құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталуын қамтамасыз етуге;

3) қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген кезден бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы сақтандырушыны хабардар етуге;

4) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

5) жазатайым оқиғаның басталғаны туралы өзіне белгілі болғанда, бұл туралы дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандырушыға хабарлауға;

6) уәкілетті орган мен сақтандырушы өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының басталу мән-жайларын тексеруді қамтамасыз етуге;

7) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалын дәлелдеуге;

8) сақтандыру төлемін есептеу үшін қажетті құжаттарды шартта белгіленген мерзімде сақтандырушыға ұсынуға;

9) Қағидалардың 10-тарауының 3-тармағында қарастырылған құжаттарды сақтандырушыға ұсынуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті медициналық тексеруден уақтылы өткізуді қамтамасыз етуге;

11) қызметкерлердің сақтандыру жағдайы алдындағы еңбек жағдайлары туралы құжаттарды уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына ұсынуға;

12) қызметкерлерді еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне өндірістен қол үзбей оқытуға;

13) уәкілетті органның жазатайым оқиғалардың профилактикасы, олардың алдын алу мен тексеру мәселелері жөніндегі шешімін орындауға;

14) өзінің қайта ұйымдастырылуы және таратылуы туралы сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;

15) сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайтуға бағытталған шаралар қолдануға;

16) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;

17) осы Заңда көзделген жағдайларда, қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде аннуитет шартын жасасуға міндетті.

3. Сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

4. Сақтандырушының:

- 1) сақтандыру жағдайларын тексеруге қатысуға;
- 2) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерді куәландыруы кезінде қатысуға;
- 3) сақтандыру жағдайлары жөніндегі ақпаратты тексеруге және қажет болған кезде тиісті уәкілетті органдарға сұратулар жіберуге;
- 4) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге;
- 5) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Еңбек кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;
- 6) сақтандыру жағдайларының алдын алу жөнінде ұсынымдар беруге;
- 7) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
- 8) зиян келтірген тұлғаға кері талап қоюға;
- 9) Қағидалардың 10-тарауының 3-тармағында қарастырылған құжаттарды сақтанушыдан талап етуге құқығы бар.

5. Сақтандырушы:

- 1) сақтанушыны сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға, сақтандыру шартынан туындайтын оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде қолданыстағы заңнамаға және сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемдерін және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеуді жүргізуге;
- 3) өз қызметінің нәтижесінде сақтанушы және пайда алушы туралы алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 4) сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, өтінішті және осы Қағидалардың 10-тарауының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап, жеті жұмыс күні ішінде пайда алушыға бас тартудың дәлелді негізделген себептерін жазбаша нысанда жіберуге;
- 5) сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін шығарған шығыстарын өтеуге;
- 6) осы Қағидалардың 9-тарауында көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде пайда алушыға аннуитет төлемі бойынша әрбір мерзімі өткен күн үшін төленбеген соманың 1,5 пайыз мөлшерінде өсімпұл төлеуге;
- 7) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтанушымен аннуитет шартын жасасуға;
- 8) сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті (дауды шешу туралы өтінішті) алған кезде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарап, өтінішті алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде дауды шешудің әрі қарай тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауапты қайтаруға;
- 9) сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті (дауды шешу туралы өтінішті) алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге міндетті;
- 10) сақтандыру шартымен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін сақтандырушының басқа құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

6. Пайда алушының:

Осы құжат электронды түрде қолданыла алады. Басып шығарғаннан кейін құжат есепке алынбайтын дана санатына өтеді

- 1) осы Қағидаларда және сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемдерін алуға;
- 2) сақтанушы мен сақтандырушыдан қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру талаптары туралы ақпаратты тегін алуға;
- 3) сақтандыру жағдайын тексеру мәселелері жөніндегі шешімге уәкілетті органға немесе сотқа шағымдануға;
- 4) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша жүгінуге;
- 5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайын тексеруге қатысуға, оның ішінде қызметкерлер өкілдерінің не өзі сенім білдірген адамның қатысуымен қатысуға;
- 7) шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына жүгінуге;
- 8) шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;
- 9) шарттан туындайтын дауларды шешу туралы өтінішті және қажетті құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге құқығы бар.

15-ТАРАУ. ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Шарт бойынша Сақтандырушы және Сақтанушы (пайда алушы) арасында туындайтын даулар тікелей тараптармен келіссөз жүргізу арқылы қарастырылады.
2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.
3. Шарттан туындайтын дау болған кезде, Сақтанушының:
 - талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын қажетті құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушыға (оның ішінде оның филиалы арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не
 - сақтандыру омбудсманына (сақтандырушы немесе оның филиалы арқылы құжаттарды жіберу) өтініш жіберуге;
 - Шарттан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа жүгінуге құқылы.
4. Сақтандырушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.
5. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды тиісті сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

16-ТАРАУ. ҚОСЫМША ТАЛАПТЫР

1. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Қағидалар негізінде осы Қағидалардың жеке ережелерінің өзгертілуін, шығарылуын қарастыратын сақтандыру шарттары, сондай-ақ шартты жасасу кезінде анықталатын қосымша талаптары жасалуы мүмкін.
2. Осы Қағидалармен реттелмеген талаптардың барлығы қолданыстағы заңнамамен және сақтандыру шартымен реттеледі.

Осы құжат электронды түрде қолданыла алады. Басып шығарғаннан кейін құжат есепке алынбайтын дана санатына өтеді

ЛИСТ РЕГИСТРАЦИИ ИЗМЕНЕНИЙ

№ п/п	№ раздела, пункта, к которому относятся изменения	Основание (№ и дата документа)	Дата внесения изменения	Подпись лица, внесшего изменения
1	2	3	4	5

ЛИСТ ОЗНАКОМЛЕНИЯ

№ п/п	ФИО	Должность	Дата ознакомления	Подпись
1	2	3	4	5

Лист согласования

	Должность	Ф.И.О.	Дата и подпись
Согласовано	Председатель Правления	Чегебаев К.С.	
Согласовано	Заместитель Председателя Правления по продажам Член Правления	Шалгимбаев М.А.	
Согласовано	Заместитель Председателя Правления по вопросам страхования Член Правления	Шакенов А.С.	
Согласовано	Управляющий директор Член Правления	Тайтуголева Е.С.	
Согласовано	Финансовый директор Член Правления	Гордеева В.В.	
Согласовано	Директора Андеррайтинга и перестрахования	Чагирова А.М.	
Согласовано	Директор юридического Департамента	Нагманов Б.Р.	
Согласовано	Директор Департамента урегулирования убытков	Ахметова Д.Н.	
Согласовано	Начальник Отдела регистрационно- правовой работе Юридического департамента	Зурабов М.А.	
Подготовлено	Комплаенс- контролер	Милова О.В.	